

**Егемен Қазақстан**

**Егемен.kz**

**Ұлттық сусынмен емдеуді жетілдірсе қайтеді**



«Кәріліктен басқа дерттердің емі бар». Бұл асыл дініміздің айтары. Расында солай. Ауру түрлері зерттепзерделеу нәтижесінде анықталып, алдын алу, емделу-күтіну нәтижесінде ауыздықталып жатады. Әлемде аштықтан алақан жайып немесе құртқұмырсқа, бақа-шаян, шөп-шалам шайнап жүргендер бар, құнарлы тағамдарды жемек түгіл, иісін иіскеп көрмеген, адам ағзасына зиянды бояу мен қоспалардан жасалған, тіпті, неден жасалғаны белгісіз тіскебасарларға тойынып, артынан аурудың неше түріне тап болып жатқандар көп.

Шүкір, тағдыр қазақтың маңдайына мал бітірді. Кең даламызда жалы желмен желбіреп еркелей жортып жүрген жылқы, бөктерге қаптай жайылған ақтылы қой мен ешкі, маңғаз түйе мен мүйізі қарағайдай сиыр – төрт түлігіміз түгел. Өсір – еті мен сүтін азық ет, жүні мен терісін киім қыл, сат – пұлына тұрмысыңды жөнде, үй сал, көлік ал, бала-шағанды қамда, оқыт. Бірақ, біз ата-бабамыздан кәсіп болған мал шаруашылығын лайықты дамытып, толыққанды пайдалана алып отырғанымыз жоқ. Бұл тұрғыда тың бастамалар, жаңаша бетбұрыстар қажет...

Басқа басқа, түйенің шұбаты мен жылқының саумалы, қымызы, ешкінің және жылқының майы денсаулықтың мың да бір емі. Бүгінде ауру түрлері көп және жас таңдамайды – бұрын жастар «жасы келген» деп қарт адамды алға салып қойса, қарттар «перзенттерімнің алдында кетсем, арман жоқ» деп сөз саптайтын. Қазір аласапыран – жас та ауру, қарт та ауру. «Аяқ-қолы түгел, ақылесі дұрыс дені сау бала босансам» деп небір құбыжық бейнелерді көз алдарына келтіріп, қорқыныш сезімімен уайымдай армандайтын болды жүкті әйелдер. Бұл әлемдік экологияның әсері ме, заман жетілген сайын жолдан кезігіп, аяқтан шалатын зауал түрі ме – белгісіз және айтпағымыз ол да емес. Айтпағымыз – осындай қытымыр шақта, қиын шақта бізге көмек қайдан? Жылтыр қаптағы қытырлақ тіскебасарлар мен пластик ыдыстардағы түрлі-түсті су-суандарды сатып алып артынан ауру тапқан дұрыс па, әлде қолда бар байлықты кәдеге жаратып, табиғи азық-түлік түрлерімен қоректенгеніміз дұрыс па?

Маңғыстау – малды өлке. Ауылдық жердегі кез келген отбасы табалдырығынан аттасаңыз, қалыптасқан дәстүр бойынша кесе толы шұбатын ала жүгіретіні бар. Сөйте тұра, өңірде онкологиялық аурулар, эндокринология жүйелерінің ауытқулары, жүрекқан тамырлары аурулары, өкпе ауруы мен суицид көп. Бұлардың арасында өткен жылдармен салыстырып, есептік көрсеткішке шаққанда, биыл азайғандары да бар болар, бірақ ол болашақта құрып кетеді немесе аз қалпын тұрақты сақтап қалады деген сөз емес. Осы және өзге де ауруларды емдеу үшін ғана емес, алдын алу, тіпті, болдырмау үшін сүт өнімдерін пайдаланса – пайдасы болмаса зияны болмасы анық.

Осы орайда Маңғыстау ауданының Тұщыбек кентінде орналасқан Естөре Оразақов атындағы Маңғыстау облыстық туберкулезге қарсы шипажайға жол түсті. Дімкәске шалдыққан өкпесін одан әрі емдеушілерге арналып ашылған шипажай келер жылы келетін жартығасырлық мерейтой табалдырығында тұр. Ауласынан ене бере жадапжүдеген, ескірген сүрең көзге ілігеді. Жарылқаушысы табылса Бөгетсайдағы бұлақтан құбыр арқылы тартылған суы сарқырап, ағаш, гүл түрлері жайқала кетуге сұранып тұрған, ауасы таза, демалушылар, нақтырақ айтсақ, емделушілер үшін таптырмайтын мекен. Бірақ, ескі ғимараттар, сидіған кәрі ағаштар, ойдым-ойдым жолдар, күн суытысымен жылу жайы мәселе боп алдан шыға келетін суық бөлмелер... Күтімсіз қалған денсаулық ордасына жеңіл-желпі ағымдағы жөндеу емес, заманауи рең беретін күрделі жөндеу керек, сыртқы келбетін жаңартумен бірге, ішкі бұйымжиһаздарын толық ауыстыру қажеттігі бірден аңғарылады. Ал, коммуналдық төлемдер, кәріз құбыры, қолданылған суларды сорып-тазарту мәселелері тұнып тұрған қиындық. Кірісі шығынын жаппайды екен, кіріс демекші, мұнда

емделушілер тегін жатады, нәпақа Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасынан бөлінетін қаражат қана. Емделушілер үшін қосымша дәрі түрлерін өздері сатып алатын шипажайдың шапаны келте. Маман жағдайы да мәзді емес. 50-ге тарта адамды жұмыспен қамтып отырған мекемеде бір терапевт, бір фтизиатр дәрігер бар, бірақ

олар да аудан орталығы Шетпеден қатынап жасайды. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасынан қағыс қалып келе жатқан бұл ауылға, шипажайға жас мамандар керек.

50 орындық шипажайда қазір өкпе ауруының қауіпсіз түрімен ауыратын 39 адам ем алуда. Кейде 70 адамнан асып кететін кездер де болады. Маңғыстау облысының аудан-қалаларынан және Атырау облысынан да емделушілер келеді, деген шипажай директоры Г.Сейітмағанбетова 2015 жылдың екінші жартысынан бастап күрделі жөндеу жүргізілетіндігін, ол үшін жобалық-сметалық құжаттар жасалып жатқандығынан хабардар етті. Сонымен, шипажайдың бұл мәселесі шешіледі делік.

Шипажай Кеңес Одағы кезінде өкпе дімкәсіне шалдыққандарды шұбатпен емдейтін бірден-бір орын ретінде танылған еді. Шүкір етері, бұл үрдістің ізі әлі жоғалмаған, еліміздің батыс өңіріндегі шұбатпен емдейтін шипажай делінеді. Әр науқасқа күніне 0,5 литр шұбат тиісті болса, шипажай мүмкіндігінше емделушілерге күніне бір рет шұбат беруге тырысады екен. Бірақ, қиындық жоқ емес, ол – мемлекеттік сатып алуға қатысты. Шипажайды шұбатпен қамтуды ұтып алған жеңімпаздың шамасы, не мүмкіндігі кейде келіп, кейде келмей жатады. Биыл тендерден ұтып алған Жаңаөзен қаласының тұрғынын жергілікті, яғни шипажайға жақын маңдағы кәсіпкермен өзара келісімшартқа отырғызуға мәжбүр болған. Шипажайды қазір мүмкіндігінше шұбатпен қамтып отырған – желісіне 80 бота байлаған, жуырда облыста өткен «Шұбат байқауында» топ жарған, арнайы сертификатқа ие Бексұлтан Аққұлов екен. Түйелердің күзге таман түнеу дағдысы немесе сүтінің тартылуы, суалу әсерінен шипажайда кей кездері шұбат болмай қалатын кездер де жоқ емес. Осы орайда, шипажай үшін шұбат қорын көбейтіп, оны алуды мемлекеттік сатып алу арқылы емес, барынша тиімді және оңай қолжетімділігін қарастыру қажет.

Шұбат жасаудың халықтық технологиясы бар. Ауылдық жерлердегі тұрғындар әлі осы әдіспен жұмыс жасауда. Сондықтан, туберкулезге қарсы шипажай емес, барлық ауруханаларда сапалы, таза, қоспасыз шұбат, қымыз беру мәселесін ендіруге тиіспіз. Қолда бар байлықты пайдалана білу, бір жағы, экономикалық әлеуеттің артуына себепші болса, екіншіден, ұлт, ұрпақ саулығының кепілі болмақ.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ